

# АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

**Ғ**АЗИЗА ЖҰБАНОВАНЫҢ АҚТӨБЕГЕ ҚАЙ ЗАМАНДАРДА КЕЛГЕНІ МЕН КЕТКЕНІ, ҚАЙ САРАЙҒА АЯЛДАП, ҚАНДАЙ ЖҰРТПЕН ЖОЛЫҚҚАНЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕГІМІЗ ЖОҚ. МҰҒАЛЖАР ӨҢІРІНДЕГІ ЖАҢАТҰРМЫС АУЫЛЫНДА ТУҒАНЫ РАС. БІРАҚ БҰЛ — АРҒЫ ТАРИХ. АЛ БЕРГІ, ЖАҢА ТАРИХТЫ ПАРАҚТАСАҚ...

АНАУ — ҒАЗИЗА ЖҰБАНОВА АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛАРМОНИЯ. МЫНАУ — СОЛ ФИЛАРМОНИЯ АЛДЫНДАҒЫ АХМЕТ ЖҰБАНОВ МҮСІНІ. ЖАРНАМА ТІЛІМЕН СӨЙЛЕСЕК, ЕНДІ ЖУЫҚ АРАДА АҚТӨБЕЛІКТЕР МЕН ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ ОСЫ АЛАҢДА ҒАЗИЗА ЖҰБАНОВАНЫҢ МҮСІНІМЕН ДИДАРЛАСАДЫ.

Әлгінде жазғанымыздай, Жаңатұрмыста 1927 жылы 2 желтоқсанда дүниеге келген Ғазизаның алтын басы әу баста дауға ілігіпті. Дәлірек айтқанда, 1937 жылы.

Сол жылы ішкі жалпы өнім жөнінен әлемде екінші орынға шыққан рекордтық астық жинаған Солтүстік полюстен алғашқы кеңестік ғылыми-зерттеу станциясын ашқан, Алексей Каплер мен Михаил Роммның Ленин Сталиннен ақыл сұрай беретін «Ленин — Октябрьде» фильмі шыққан жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беруге көшіп болған... КСРО жеңдеттік алатопалаңды да шарықтау шегіне жеткізіп еді.

Құрбандыққа шалынған әйгілі ғалым Құдайберген Жұбановтың зайыбы Раушан кейуанының естелігі мына жағдаятты баяндайды: «Рас, балаларымның алдында Құдайбергеннің туған інісі Ахмет болды. Қолынан келгенін аямай, шыр-пыр болған Ахметтің өзіне сол жылдар оңай болды ма?... Ауылдық советтер туу туралы куәлігін бермейтін ертерек кезде туған Ғазиза мен Болаттың Құдайбергеннің емес, өз баласы екенін дәлелдей алмай, жұмысынан, партия қатарынан қуылды емес пе?..»

Сол ызғарлы леп кейін Ғазизаның Мәскеуде 12 жыл ғұмыр кешуіне және себепкер болды. Бұл жөнінде Ғазиза әкесі туралы жазған естелігінде былайша баяндайды: «Помню, посылая меня в Москву, он говорил, что в Алма-Ате консерватория еще молодая, а в Москве — знаменитые профессора и, кроме того, добавлял: «...здесь у меня есть недруги и завистники, которые могут и на тебя переносить свою злобу, ведь ты моя духовная наследница».

Ғазизаның Гнесиндер атындағы музыкалық училищені, Мәскеу консерваториясын, одан соң аспирантурасын бітіруі жөнінде айтқанда, осы оқиғаны да есте ұстаған мақұл тәрізді.

Жә, бұлар — өткен оқиғалар. Елуінші жылдардың соңына таман өзіне жат бола жаздаған өз Алматысына әлгі Мәскеуде дәм-тұзы жарасқан өмірлік серігі, болашақ ғажайып режиссер Әзірбайжан Мәмбетовпен бірге оралып, біржола қоныс тепкен Ғазизаның алдында жүруден жүрек шайлығарлықтай жол жатты.

Себебі Ғазиза әрісі Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди, берісі Мұқан Төлебаев тәрізді ағаларын былай қойғанда, өз әкесі Ахмет Жұбанов қаптаған қысастық пен қызғаныштың арасынан жол тауып биікке шығарған музыкалық шынды құлатып алмауы керек-ті. Оның үстіне, бұл енді Ахмет пен Науат отбасының ТҰҢҒЫШЫ ғана емес, тұтас қазақтың осы заманғы кәсіби музыкаға қол батырған ТҰҢҒЫШ қызы еді.

Рухани тектілік дейміз бе, табиғи даралық дейміз бе, әлде

жалқы жанкештілікке балаймыз ба, әйтеуір, Ғазиза әлгі бірнеше жүкті өзеннің бергі бетінен арғы бетіне тілерсегі дірілдемей көтеріп шықты. Көтеріп шыққаны емей немене, ол — қазақ әйелдері арасынан шыққан...

**ТҰҢҒЫШ** Қазақстан Композиторлар одағы басқармасының төрағасы (1962-1968 ж.ж.),

**ТҰҢҒЫШ** КСРО Композиторлар

# ТҰҢҒЫШ



одағы басқармасының хатшысы, **ТҰҢҒЫШ** консерватория ректоры (1975-1978 ж.ж.), **ТҰҢҒЫШ** музыка профессоры...

Ал тұңғыштарды тап сол шақта игеру тіпті де жеңіл-желпі шаруа емес-ті. Қазақ музыка өлеміне өте сауатты, жақын мен жаттың ырғын мәдениеті мен ыңылын әбден ат қып мінген, жақсы мен жасықтың дәмін татпай тұрып-ақ айыратын жаңа буын келіп жатыр еді. Құдыс Қожамяров пен Сыдық Мұхамеджанов, Еркеғали Рахмадиев пен Нұрғиса Тілендиев, Мәкәлім Қойшыбаев пен Нағым Мендіғалиев, әйтеуір, әлемдік музыканың ішек-қарнын ақтарып болған, татымсызға тамсанбайтын, ұлттық әуендік бірезу оқшау-

лыққа және ұрынбайтын бұл топтан қара үзіп шығу да оңай емес-ті. Қазір де, тап осы тұста да Ғазизаны әлгі әйгілі ағаларымыздың бірінен ілгері, бірінен кейін қоюды мақсұт етер ойымыз жоқ. Бұлардың барлығы да, мойындасақ та, мойындамасақ та кәсіби музыка өнерінде бізден әлдеқайда озып кеткен жұрттарды қуып жетудің азабына бас тіккендер еді. Солардың арасында, әрине, Қазақстанның халық артисі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Ғазиза Жұбанованың орны бөлек-ті.

Әлбетте, екі әлем мен екі дүниені салыстыра сөйлеп үйрен-

ген басымыз, бұл ретте де сол салтты бұза алмайтын түріміз бар. Өз басым Ғазиза апамызды поэзиядағы Фариза Оңғарсыноваға, айтпесе еңбектегі Кәмшат Дөненбаеваға туыстырар едім. Кәмшат апаидың қасында, тап қазір аты-жөндерін атай алмасақ та, кілең кержалқаулар жүрмеген шығар. Ал Фариза апамыз өзімен жас жағынан дәуірлестігі бар Жүмекен мен Төлеген, Тұманбай мен Қадыр, Сағи мен Өтежан.. жүрген жайлауға өзінің айшықты отауын тігіп еді ғой. Мұқағалидың Фаризаға арналған жыры — тірі аңыз. Сол Фариза Оңғарсынова кезінде Ақбөбек пен Майраны, Сара мен Бибігүлді, Әлия мен Мәншүкті, Кәмшатты... жырлаға-

ны тәрізді Ғазиза Жұбанованы да өлеңмен өрді. «**ДЫБЫСТАР ӘЛЕМІ**» деп аталатын Ғазиза Ахметқызы Жұбанова туралы толғаныс-кантата («Оркестр», «Скрипка», «Литавра», «Трөбон», «Гобой», «Оркестр», «Флейта», «Кларнет», «Әйел» «Оркестр») былай басталушы еді:

*Замандар — құбылыстар  
(құбылыста қозғалыс — ұлы күш бар):*

*қарсыласу, шарықтау,  
қақтығыстар,*

*тұралау, жығылыстар,  
заманның тыныс, қаны —*

*Адам, Уақыт,  
алмасып қылыштары*

*жеңісе алмай, жеңе алмай,  
жағаласып*

*жүргізуде бітпейтін ұрысты  
әлі,*

*ұрыстары — заманның  
дыбыстары.*

*Әлем — дыбыс, дыбыстар,  
сан дыбыстар...*

*сан дыбыстар — тіршілік,  
жаңғырыстар:*

*түн, ашықтар, көк аспан,  
найзағайлар*

*гүл көктем, қарлы қыстар,  
жанартау, жарылыстар,*

*жылау бар, сағыныш бар,  
бәріне ынтық сәби бар,*

*қария бар*

*тірлікке жаны құштар,  
еркіндікке аана тән тағы*

*күш бар,*

*бар амалсыз күрсіну,  
жалыныштар,*

*саңқылдаған дауыс бар,  
мылқаулық бар,*

*ағыстардың бойымен ағылыс  
бар,*

*бар қателік, өкініш,  
жаңылыстар,*

*мәңгілік бар, заңдар бар,  
бағыныш бар*

*әлем, әлем... —*

*дірілдер, жаңғырықтар,  
пәктік бар, шаң, былық бар;*

*ерік те бар, ерікті*

*бұғаулайтын*

*бар әлі тал құрықтар;  
Әлем тілі — дыбыстар,*

*мұның бәрі,*

*тіл-тірлік, ағым нәрі —*

*аударылмас дыбыстар —*

*сан заманның*

*бәрінің ұғымды өні.*

Ақынның дыбыспен ғана үн қататын мына туындысы, расында да, біріміз естіген, бәріміз естімеген Ғазиза шығармаларын көзге де, көңілге де мөлдірете елестетіп-ақ тұр.

«Аққу туралы аңыз», «Хиросима» балеттері, «Еңлік-Кебек», «Жиырма сегіз» опералары, «Мұхтар Әуезов туралы сөз» кантатасы, «Ақсақ құлан» симфониялық поэмасы, «Жігер» симфониясы, оркестр мен скрипкаға арналған концерті... осы аударылмас дыбыстар... өлем тілі болмағанда қайтушы еді?! Әкесі Ахмет Жұбанов бітіре алмай кеткен «Құрманғазы» операсын аяқтап шығуы — Ғазизаның азаматтық ерлігі, перзенттік махаббатының мәңгілігі. Бұл деректерге композитордың Жапония тапсырысы бойынша Пуччинидің «Чио-Чио Сан» операсы, «Маддам Баттерфляй» балеті негізінде жаңа тыныстағы дүние ұсынғаны айтпесе Мәскеудегі Вахтангов театрында жұбайы Әзірбайжан Мәмбетов Шыңғыс Айтматовтың романы бойынша қойған «Ғасырдан да ұзақ күн» спектакліне музыка жазғаны тәрізді кең диапазонды еңбектерін қоссақ, қазақ қызының біз білетін бейнесі тіпті асқақтай түсер еді.

Көп шындықтың бір ақиқаты мынау:

Ғазиза Жұбанова, музыка сыншылары жазатындай, туындылары философиялық тереңдігімен таң қалдырған, азаматтық рухпен мағыналанған ересен ерік-жігермен бедерленген, ұлттық мазмұнды қисынды жаңалықтармен байытқан дара композитор болумен бірге үлкен қоғам қайраткеріне айналған, қазақ музыкасының кіндік тұлғаларының бірі.

Ертай АШЫҚБАЕВ.